

Дуальды оқыту туралы келісім-шарт

Орал қ.

« 8 » 08 2025 ж.

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ атынан Жарғы негізінде әрекет етуші басқарма төрағасы - ректор Наметов Асқар Мырзахметович, бұдан әрі «білім беру ұйымы» деп аталатын бір жағынан, және «SHANYRAK JOBALAU» ЖШС атынан директоры Бекжанов Асылбек Мурзабекович бұдан әрі "практика базасы" деп аталатын екінші жақтан, бұдан әрі Тараптар деп аталатындар білім беру ұйымының түлектерін практикалық даярлау сапасын арттыру және дуальді оқытуды енгізу саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында төмендегілер туралы осы дуальді оқыту туралы шартты (бұдан әрі – дуальді оқыту туралы шарт) жасады:

1. Шарттың мәні

1. Осы дуальді оқыту туралы Шарт Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 119-бабына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальді оқытуды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жасалды.

1) Білім беру ұйымы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшаға сәйкес 6B07300 - «Құрылыс инженериясы», 6B07301 - «Құрылыс материалдарын өндіру», білім беру бағдарламалары (сы) бойынша білім алушыларды дуальды оқытуға (практикаға бағытталған сабаққа) жібереді.

2. Практика базасы білім алушыны тиісті еңбек жағдайлары бар білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практика үшін жұмыс орнымен қамтамасыз етеді.

3. Білім алушылар өндірістік, еңбек функциялары мен міндеттерін білікті орындауға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттіліктерді алу мақсатында практикалық дағдыларды меңгереді.

2. Білім беру ұйымының құқықтары мен міндеттері

4. Білім беру ұйымы құқылы:

1) білім алушыдан дуальды оқыту туралы осы Шарттың, білім беру ұйымының Жарғысының, ішкі тәртіп ережелерінің, оның қызметін реттейтін білім беру ұйымының актілерінің міндеттерін адал және тиісінше орындауды талап етуге;

2) білім алушылардың дуальды оқытудан өтуін бақылауды жүзеге асыру, кәсіптік пәндердің оқытушыларын кәсіпорында тағылымдамадан өтуге жіберу.

5. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) 6B07300 - «Құрылыс инженериясы», 6B07301 - «Құрылыс материалдарын өндіру», білім беру бағдарламалары (сы) бойынша білім алушыларды оқу процесінің кестесіне сәйкес дуальды оқыту үшін кәсіпорынға жіберуге;

2) білім алушыларды осы дуальды оқыту туралы шартта көрсетілген оның міндеттері мен жауапкершілігімен таныстыруға;

3) практика базасымен дуальды оқыту бағдарламасын, практика базасында оқытуды өткізу мерзімдерін, Дуальды оқыту кезеңінде білім алушылар қызметінің негізгі бағыттарын, білім беру ұйымы практика базасына жіберетін білім алушылардың санын келісуге;

4) дуальды оқыту басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын кәсіпорынға білім алушылардың тізімдік құрамын, бірлескен қызмет жоспарын практика базасында білім алушыларды оқыту және білім беру ұйымдарында практика база тәлімгерлерінің оқу

сабақтарын жүргізу кестесімен), сондай-ақ практика базасының сұрау бойынша қосымша ақпаратты уақтылы жіберуге;

5) білім алушылардың әрбір тобына білім беру ұйымынан академиялық тәлімгерлерді тағайындауға;

6) білім алушыларды білім беру қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оқу-әдістемелік әдебиеттермен және материалдармен қамтамасыз етуге;

7) білім беру бағдарламасына және оқу процесінің кестесіне сәйкес білім; алушылардың өндірістік оқуы мен кәсіптік практикасынан өтуін ұйымдастыруға және кезеңдік бақылауды жүзеге асыруға;

8) кәсіпорын тәлімгерлеріне өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізуде әдістемелік көмек көрсетуге;

9) қажет болған жағдайда практика базасына білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беруге;

10) өндірістік оқу және кәсіптік практика кезеңінде студенттің қатысуымен болған жазатайым оқиғаларды тергеуге қатысуға;

11) практика базасында оқытудың ажырамас бөлігі болып табылатын дуальды оқыту нәтижелері бойынша қорытынды емтихан өткізуді қамтамасыз ету.

3. Практика базасының құқықтары мен міндеттері

6. Практика базасы құқылы:

1) дуальды оқыту шеңберінде сабақтардан өту үшін топтардың санын анықтауға; 2) жаңа технологияларға және өндіріс процесінің өзгерген шарттарына сәйкес күнтізбелік кестелер мен білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуға;

3) кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;

4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұратуға;

5) пән бойынша студенттерді қорытынды аттестациялауға қатысуға;

6) практика базасында оқу кезінде білім алушыларға еңбек тәртібі ережелерін бұзған кезде ықпал ету шараларын қолдануға (ескерту, оқу сабақтарынан шеттету, білім беру ұйымына хат);

7) білім беру ұйымын аяқтағаннан кейін білім алушыларды өндірісте жұмысқа орналастыру мүмкіндігі туралы ұсыныстар енгізу.

7. Практика базасыөзінемынадайміндеттемелералады:

1) өндіріс немесе қызмет көрсету саласының технологияларын меңгерген, дуальды оқытуды жүзеге асыратын практика базасының білікті қызметкерін тәлімгер ретінде бекітуге;

2) білім беру ұйымымен бірлесіп дуальды оқыту шеңберінде білім беру процесін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс оқу жоспарын (силлабус) әзірлеуге және келісуге;

3) құпия болып табылатын немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, білім алушыларды дуальды оқытудан өту кезеңінде оқыту құралдарымен, қолданыстағы нормативтер бойынша шығыс материалдарымен, практикалық материалдар мен процестерге қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4) білім алушыларды жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайлары мен қамтамасыз етуге (еңбекқауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасы бойынша міндетті нұсқамалар жүргізе отырып) және қажет болған жағдайларда білімалушыларға қауіпсіз еңбек әдісімен оқытуды жүргізуге;

5) пән бағдарламасында көзделмеген, білім алушылардың білім беру бағдарламасына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыларды пайдалануға жол бермеуге;

6) оқу процесінің кестесіне және (немесе) күнтізбелік кестелерге, білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылардың өндірістік оқытуын және кәсіптік практикасын өткізу үшін жұмыс орындарын беруге;

7) білім алушылардың еңбек тәртібін және практика базасының ішкі тәртіп

ережелерін бұзуының барлық жағдайлары туралы білім беру ұйымына хабарлауға;

8) білім алушылардың жеке тапсырмаларды ойдағыдай меңгеруіне қажетті зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық құжаттаманы пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

9) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы аяқтағаннан кейін білім алушылардың жұмысы туралы мінездеме беруге және дуальды оқытудан өту сапасына баға қоюға;

10) дуальды оқыту басталғанға дейін кіріспе және (немесе) өндірістік нұсқама жүргізуге;

11) осы Шарттың қосымшасына сәйкес практика базасында Дуальды оқыту шеңберінде практикалық сабақтардан өту үшін білім алушылардың тізімін растау;

12) тиісті бос орын болған кезде алған мамандығына (біліктілігіне) сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру тапсырысы (мемлекеттік білім беру гранты) бойынша білім алатын түлектердің кандидатураларын қарауға міндетті.

8. Тәлімгер міндеттенеді:

1) білім алушыларға лауазымдық міндеттері мен тапсырмаларын сапалы орындаудың практикалық тәсілдерін, дағдылары мен тәсілдерін үйретуге;

2) білім алушыларды практика базасымен келісілген оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес оқытуға;

3) білім алушыларға берілген тапсырмалардың орындалуын бақылауға;

4) білім алушылардың жіберген қателіктерін анықтауға және бірлесіп жоюға, бар кемшіліктерді жоюға көмек көрсетуге;

5) білім алушылардың өздерінің кәсіби міндеттерін орындауда жауапты қарым-қатынасын, сондай-ақ жұмыс жөніндегі әріптестеріне құрметпен қарауын қалыптастыруға;

6) білім алушылардан өндірістік қызметке байланысты мәселелер бойынша нұсқауларды орындауды талап етуге;

7) білім алушылардан ауызша да, жазбаша да нысанда практикалық тапсырмалар бойынша есепті орындауды талап етуге;

8) жұмыс разрядын беру туралы ұсыныстар енгізуге және білім алушылардың кәсіптік сипаттамаларын талқылауға қатысуға және білім алушыларға пікірлер беруге;

9) әрбір практикалық сабақ үшін баға қою арқылы білім алушылардың дуальды оқытудан өткенін растауға.

4. Өтемақы төлемін төлеу

9. Практика базасы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес дуальды оқыту кезеңінде білім алушыға өтемақы төлемдерін жүзеге асыруға құқылы.

10. Өтемақы төлемінің көлемі кәсіпорын басшысының актісі арқылы практика базасының қалауы бойынша белгіленеді.

5. Тараптардың жауапкершілігі

11. Осы шартта көзделген өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жауапкершілікте болады.

12. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың салдары болса.

6. Дауларды шешу тәртібі

13. Осы Шартты іске асыру барысында туындаған келіспеушіліктер мен даулар өзара қолайлы шешімдерді әзірлеу мақсатында тікелей тараптармен шешіледі.

14. Тараптардың келіссөздермен, өзара қолайлы шешімдер әзірлеу жолымен шешпеген мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7. Келісімнің әрекет ету мерзімі, талаптарды өзгерту және оны бұзу тәртібі

15. Дуальды оқыту туралы шарттың қолданылу мерзімі Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2028 жылдың 31 тамызына дейін әрекет етеді.

16. Білім беру ұйымы практика базасында Дуальды оқыту шеңберінде білім алушылардың топтарын, пәнін және практикалық сабақтардан өту кезеңін көрсете отырып, осы дуальды оқыту туралы шартқа қосымшаны толтырады.

17. Білім алушыларды жұмыс орнына қабылдау әрбір білім алушымен жеке еңбек шартын жасаса отырып, осы Шарт негізінде шығарылатын практика базасының құрылымдық бөлімшесі басшысының бұйрығымен немесе өкімімен ресімделуі мүмкін.

18. Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негізде бұзылуы мүмкін.

19. Осы Шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертіледі және толықтырылады.

20. Осы Шарт әрқайсысы бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

8. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:

Білім беру ұйымы:

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ
090009, БҚО, Орал қаласы
Жәңгір хан көшесі, 51
БИН 021140000425
Тел. +7(7112) 52-21-00
e-mail: zapkazatu@wkau.kz

Практика базасы:

«Shanyrak Jobalau» ЖШС
БҚО, Орал қаласы
Қасым Аманжолов көшесі, 98, 45 кеңсе
БИН 160640007525
Тел. +77078150971, +77078825325
e-mail: shanyrakjobalau@gmail.com

Басқарма төрағасы – ректор


(қолы) А.М. Наметов
«_____» _____ 2025 ж.



Директоры


(қолы) А.М. Бекжанов
«_____» _____ 2025 ж.
М.О.

